

**Қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға және қаланың өзге де құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен орын-жайларға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 17 тамыздағы N 3-1-1639қ қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 30 қыркүйекте N 350 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 120-753 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 15.05.2013 № 120-753 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Астана қаласы мәслихаты сессиясының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III шешімімен бекітілген Астана қаласы аумағының құрылысы туралы ережеге сәйкес Астана қаласының әкімдігі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға және қаланың өзге де құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен орын-жайларға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е.Толыбаевқа жүктелсін.

*Астана қаласының әкімі*

*Әкімнің бірінші орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*Әкімі аппараты құжаттамалық сараптама бөлімінің меңгерушісі*

*Сәулет және қала құрылысы департаментінің директоры*

*Коммуналдық шаруашылық департаментінің директоры*

*Тұрғын үй департаментінің директоры*

*Қаржы департаментінің бастығы*

басқармасының бастығы

С ы р т қ ы    ж а р н а м а    ж әне    б е з е н д і р у

жөніндегі басқармасының бастығы

"Алматы" ауданының әкімі

"Сарыарқа" ауданының әкімі

КЕЛІСІЛДІ

А с т а н а    қ а л а л ы қ    Ж е р    р е с у р с т а р ы н  
б а с қ а р у    ж ө н і н д е г і    к о м и т е т т і ң

төрағасы

А с т а н а                                      қ а л а с ы                                      ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      1 7                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      3 - 1 - 1 6 3 9 қ                      қ а у л ы с ы м е н  
Бекітілген

**Қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылымдарға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесі**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Осы Қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылымдарға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі заңдарының және Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 432/58-IV шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағында құрылыс салу қағидасына сәйкес атау беру және қайта атаудың бірыңғай тәртіпке келтіру мақсатында әзірленді.

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## 1-бөлім. Негізгі ережелер 1-тарау. Ережеде пайдаланылатын түсініктер

1. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:  
мекен-жай - Астана қаласының белгіленген шекарасы шегінде объектінің (жер учаскесінің, иеліктің, ғимараттың, орын-жайдың) орналасу орнының (орналасқан жері) жинақталған деректемелерінің белгіленген құрылымдық с и п а т т а м а с ы ;

саяжол - негізгі және қосарлас жаяу жүргіншілер көшесі немесе еңбек орындарымен, қызмет көрсету мекемелерімен және кәсіпорындарымен жаяу жүргіншілер байланысын қамтамасыз ететін, оның ішінде қоғамдық орталықтар, демалыс орындары және қоғамдық көліктік аялдама пункттері шегіндегі жол;

желекжол - жергілікті маңызы бар көше немесе жол, орман-саябақ желектерімен, жаяу жүргіншілер жолдарымен бөлінген кездесу көліктік а ғ ы н д а р ы ;

ішіне салынған – барлық бөлмелері ғимарат габаритінде орналастырылған, олардың шегінен сыртқа бойлық қасбеті жағынан 1,5 метрге дейін және шет жақтарынан 6 метрге дейін шығып тұруы мүмкін;

ғимарат - функционалдық мақсатына қарай адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік үрдістерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды және т.б. орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын көтергіш және қоршау құрылымдарынан тұратын, міндетті түрде жерге орныққан тұйықталған көлемді құрайтын, жасанды құрылыс. Ғимараттың жер а с т ы б ө л і г і б о л у ы м ү м к і н ;

қала құрылысы элементінің санаты - функционалдық қала құрылысы нысанын және объектінің (шағын аудан, ғимарат, орын-жай, көпір, көлік айырымы (айналым), фонтан, тас жол, даңғыл, көше, желекжол, саяжол, өту жолы, тұйық және басқалар) сипаттайтын қала құрылысы элементінің бөлінбес б ө л і г і ;

орам - магистральды көшелермен, қысқа көшелермен бөлінбеген құрылыстың құ р ы л ы м д ы қ б ө л ш е г і ;

ландшафтты-оңалту аумақтары - қалалық ормандары, орман саябақтар, орман қорғау аймақтары, сутоғандар, ауыл шаруашылығының пайдалануындағы жерлер және іріктелген аумақтарда орналасқан, ашық кеңістік жүйесін қалыптастыратын саябақтармен, бақтармен және желекжолдармен қоса басқа да п а й д а л ы ж е р л е р і б а р а у м а қ т а р ;

қозғалысты реттейтін магистральды жолдар - қала аудандары арасындағы жекелеген бағыттар мен учаскелерге, тұрғын құрылыстарынан тыс құрылыстарды жүзеге асыратын жүк қозғалыстарына қолайлы көліктік байланыстарды қамтамасыз ету үшін белгіленген жолдар; сыртқы автокөлік

жолдарына кіруді қамтамасыз етеді. Көшелермен және жолдармен тәртіп бойынша бір деңгейде қиылысады.

жылдамдық қозғалысының магистральды жолдары - сыртқы автокөлік жолдарына, аэропорттарға, ірі жаппай демалу аймақтарына және кенттерге шығуды қамтамасыз ететін өндірістік және жоспарланған аудандар арасындағы жылдамдық көліктік байланысты қамтамасыз ету үшін белгіленген жолдар. Магистральды көшелермен және түрлі деңгейдегі жолдармен қиылысады.

жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелер:

үзіліссіз қозғалыстар - тұрғын, өндірістік аудандар мен қаланың орталығы, сондай-ақ басқа да магистральды көшелермен, қалалық және сыртқы автокөліктік жолдар арасындағы көліктік байланысты қамтамасыз ету үшін белгіленген жолдар. Көліктердің қозғалысын түрлі деңгейдегі бағыттар негізінде қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

реттелген қозғалыс - тұрғын, өндірістік аудандар мен қаланың орталығы, жоспарланған аудандардың орталығы арасындағы көліктік байланысты қамтамасыз ету үшін белгіленген жолдар; магистральды көшелер мен жолдарға және сыртқы автокөлік жолдарына шығу. Көшелермен және жолдармен тәртіп бойынша бір деңгейде магистральды қиылысады;

аудандық маңызы бар магистральды көшелер - қаланың тұрғын аудандары, сондай-ақ тұрғын, өндірістік аудандары және қаланың орталығы арасындағы көліктік және жаяу жүргіншілер байланыстарын қамтамасыз ету үшін белгіленген көшелер; басқа магистральды көшелерге шығу, сондай-ақ жоспарланған аудандар шегінде жаяу жүргіншілер жолдары мен көліктік (жалпы қоғамдық жол жүрушілердің қолайлылығы) байланыстарды қамтамасыз ету үшін б е л г і л е н г е н к ө ш е л е р ;

шағын аудан - қаланы қалыптастыратын, магистральды көшелермен бөлінбеген, белгіленген шекарада, не болмаса қоныстану, не болмаса өндірістік, не болмаса ландшафты-оңалту аумағы болып табылатын құрылыстың құрылымдық-жоспарлау элементі;

атау – Астана қаласының құрамдас бөлігіне берілген, оларды бөлу және тану үшін қызмет ететін жеке атаулар;

ономастикалық комиссия - географиялық объектілер атауларының бір жүйеге келуін қалыптастыру, атауларды пайдалану мен есептеуді реттеу, тарихи атауларды Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұраларының құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру және сақтау мақсатында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Астана қаласының әкімімен құрылатын консультативті-кеңестік орган;

сәулет органы - сәулет және қала құрылысы саласын реттеуді жүзеге асыруға әкіммен уәкілеттілік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын

а т қ а р у ш ы о р г а н ;

тілдер жөніндегі орган - тілдерді дамыту саласын реттеуді жүзеге асыруға әкіммен уәкілеттілік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын а т қ а р у ш ы о р г а н ;

саябақ - қаланың қоныстану аумағында ұйымдастырылған және аумағы кемінде он гектар халықтың бұқаралық демалуына тағайындалған жалпы қолданыстағы қалалық аумақты көгалдандыруға негізделген тұйық шекараларымен анықталған;

өту жолы - көлік құралдарын тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және екі көше арасындағы (екі "т" тәрізді қысқа көшелер құрайды) көліктік байланысты қамтамасыз ететін ауданішілік, шағын ауданішілік, орамішілік қалалық құрылыс объектілеріне өтуін қамтамасыз ететін негізгі немесе екінші дәрежелі өту жолы;

объектінің реттік нөмірі - объект мекен-жайы құрылымының элементі: атауы бар (көше, шағын аудан және өзгелер) объектіге берілетін әріп және (немесе) бөлшек қосылуы мүмкін сандар тізбегінен тұратын объектінің қарапайым нөмірі;

жапсарлас объектілер - ғимаратқа және орын-жайға жапсаржай салу жолымен ғимараттарда, құрылыстарда ұйымдастырылған объектілер, бұл жағдайда, тәртіп дербес функционалдық мақсатта пайдаланылады;

түбегейлі жоспарлау жобасы (ТЖЖ) - Астана қаласының Бас жоспары негізінде орындалған аумақ құрылысының функционалдық-қала құрылысы аймақтандыруды; қызыл сызықтарды және құрылысты реттеу сызықтарын; тұрғындарға әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыру үшін аумақтарды резервілеуді; көше-жол торабын және көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды; инженерлік коммуникациялардың трассировкасын; көшелердің тік пішіндерін; аумақты абаттандыруды және көгалдандыруды, бұқаралық қала құрылысы сервитуттарын және өзге де талаптарды анықтап, аумақты ұйымдастыруды жоспарлаудың негізгі бағыттарын белгілейтін аумақ құрылысын жоспарлау жобасы;

даңғыл, көше, қысқа көше, өту жолы - тұрғын аудандар сондай-ақ тұрғын аудандар мен өнеркәсіптік аймақтар, орамдар арасында көлік және жаяу жүргіншілер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін, ұзына бойы сызықты бекітілген шекаралары, басы мен аяғы бар атау берілген қала құрылысының объектілері;

алаң - атау берілген жоспарлау элементі болып табылатын, тұйықталған шекаралары бар қала құрылысының объектісі;

өндірістік аумақ - өнеркәсіптік кәсіпорындарды және солармен байланысты объектілерді орналастыруға арналған аумақ, тәжірибелік өндірістерімен бірге

ғылыми мекемелердің, коммуналдық-қоймалық объектілердің, сыртқы көліктер  
қ ұ р ы л ы с т а р ы н ы ң к е ш е н і ;

аудан - әкімшілік-аумақтық құрылымдар туралы заңнамаларға сәйкес  
белгіленген Астана қаласының құрамындағы әкімшілік-аумақтық бірлік;

тұрғын-жай ауданының бағы - саябақ - қаланың қоныстану аумағында  
ұйымдастырылған және аумағы үштен он гектарға дейінгі халықтың бұқаралық  
демалуына тағайындалған жалпы қолданыстағы қалалық аумақты  
көгалдандыруға негізделген тұйық шекаралармен анықталған;

санитарлық-қорғаныш аймағы - арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ  
өнеркәсіп орындары мен елді мекендегі басқа да өндірістік, коммуналдық және  
қоймалық объектілерді жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын  
үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардан оларға қолайсыз  
факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумақ;

қоныстану аумағы - тұрғын, қоғамдық (қоғамдық-іскер) және оңалту  
аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымының жекеленген  
бөліктерін, орналасуы мен қызметі арнаулы санитарлық қорғаныш аймақтарын  
талап етуге әсер етпейтін басқа да объектілерді орналастыруға арналған елді  
м е к е н а у м а ғ ы н ы ң б ө л і г і ;

шағынгүлбақ - қаланың қоныстану аумағында ұйымдастырылған және  
аумағы кемінде үш гектар халықтың бұқаралық демалуына тағайындалған жалпы  
қолданыстағы қалалық аумақты көгалдандыруға негізделген тұйық  
ш е к а р л а р м е н а н ы қ т а л ғ а н ;

орын-жай - табиғи және жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік  
үрдістерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға  
және сақтауға, немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын  
ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды  
орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды ауқымды, тегістікті немесе  
сызықты (жер үсті, су беті және/немесе жер асты, су асты) объект. Құрылыс  
көркемдік-эстетикалық, әшекейлі-қолданбалы не болмаса мемориалды мақсатта  
б о л у ы м ү м к і н ;

трасса, тас жол - магистральды жол немесе халықаралық көлік  
байланыстарын қамтамасыз ететін қала шегіндегі магистральды көше;

тұйық - көлік құралдарын тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға,  
мекемелерге, кәсіпорындарға және көше арасындағы (бір "т" тәрізді қысқа  
көшелер құрайды) көліктік байланысты құрмайтын ауданішілік, шағын  
ауданішілік, орамішілік қалалық құрылыс объектілеріне өтуін қамтамасыз ететін  
негізгі немесе екінші дәрежелі өту жолы;

көше - аудандық маңызы бар магистральды көше, жергілікті маңызы бар  
к ө ш е н е м е с е ж о л ;

жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар:

саябақ жолдары - жеңіл автокөліктердің қозғалысы үшін қолайлы саябақтар мен орман саябақтары аумақтары шегінде көліктік байланыс қамтамасыз етуші ж о л д а р ;

жаяу жүру көшелері мен жолдары - еңбек, қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарының орындары, қоғамдық көліктердің демалу және аялдау орындары арасында жаяу байланыстарды қамтамасыз етуші жолдар;

жол жүру - тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және аудандардың, шағын аудандардың, орамдардың ішіндегі қалалық құрылыстардың өзге объектілеріне көлік құралдарымен жол жүруді қ а м т а м а с ы з е т у ш і ж о л д а р ;

көрсеткіш – жарық түсіретін, жарықты шағылыстыратын, контрастық объектілерді, материалдарды пайдалана отырып құрылған, азаматтарды көше, ғимарат немесе құрылымның орналасуы туралы ақпараттармен қамтамасыз ету үшін белгіленген түсінікті жазулары, цифрлары бар геометриялық нысанда белгіленген түрлі-түсті бейне ;

қаланың құрамдас бөлігі (қала құрылысы элементі) – қаладағы аудандар, шағын аудандар, алаңдар, даңғылдар, желекжолдар, орамдар, тас жолдар, трассалар, көшелер, тұйық көшелер, өту жолдары, тұйықтар, аллеялар, саябақтар, тұрғын аудандардың бау-бақшасы, шағынгүлбақтар, көпірлер;

геоним - көшелер, алаңдар, желілер, аллеялар, желекжолдар, жолдар, жағалаулар, қысқа көшелер, даңғылдар, өтпе жолдар және тағы басқа атаулар үшін, яғни тұрғын аудандар, қоғамдық орталықтар, орамдар арасындағы, сондай-ақ тұрғын аудандар мен өндірістік аймақтар арасындағы көліктік және жолаушылар байланысын қамтамасыз ететін қайта аталған қала құрылыстық объектілер үшін жалпылама ұғым ;

кондоминиум - үй-жай жеке, заңды тұлғалардың, мемлекеттің бөлек (жеке) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлесті меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда бірыңғай мүліктік кешен ретіндегі жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны ;

кадастрлық нөмір - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімге сәйкес берілетін және жер учаскесі біртұтас болған сәтке дейін сақталатын Қазақстан Республикасы аумағында қайталанбайтын жер учаскесінің ж е к е к о д ы ;

жатақхана - мерзімді еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың, оқу кезінде студенттер, курсанттар, аспиранттар мен оқушылардың, сондай-ақ жатақхананың меншік иесімен немесе қожайынымен еңбек шарты бар басқа да адамдардың тұруы үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған тұрғын ж а й ;

тұрғын емес үй-жай - тұрғын үйдің (тұрғын жайдың) ортақ мүлік болып табылатын бөлігін қоспағанда, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарға пайдаланылатын жеке үй-жай;

жылжымайтын мүлік объектілері - жер учаскелері және олармен тығыз байланысқан, оларға жүктелген міндетіне өлшеусіз залал әкелмей ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер және объектілердің бөліктері;

жапсарлас-жанаса салынған үй-жайлар - негізгі ғимаратқа жанаса салынған бөлігімен қатар, оған жапсарлас салынған бөлігі де бар үй-жайлар;

жанаса салынған үй-жайлар - негізгі ғимараттың төменгі қабаттарына жанасатын, негізгі тұрғын үй ғимаратымен функционалды байланысты емес жеке үй-жайлар (үй-жайлар тобы);

бөлек (жеке) меншік - жылжымайтын мүлікке меншіктің айрықша нысаны - кондоминиум құрылған тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрамындағы үй-жайға азаматтардың, заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің меншігі.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2012.03.26 № 120 -308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

## **2-тарау. Көрсеткіштерді орналастыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу**

2. Қаладағы аудандарға, көшелерге, даңғылдарға және қаланың өзге де құрамды бөліктеріне атау беру, жер учаскелеріне, ғимараттарға және орын-жайларға реттік нөмір беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану, оларды ретке келтіруді мына мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

- 1) сәулет органы;
- 2) тілдер жөніндегі орган;
- 3) Астана қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

3. Сәулет органының мынадай өкілеттіктері бар: өз бұйрығымен ғимараттарға және орын-жайларға реттік нөмір беру; реттік нөмірі жоқ жер учаскелерін, ғимараттарды, орын-жайларды, жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайларды анықтап, оларға өз бұйрығы бойынша реттік нөмір береді; атауы жоқ көшелер тізімін; атаулары ұқсас көшелер тізімін; жылжымайтын мүліктің бұзылуына байланысты болған атауларды жойылған көше тізімін қалыптастырады және оларды қайта атау және атау беру жөніндегі ұсыныстарын



б і л д і р е д і ;

тапсырысшының жобалау құжаттамасының құрамына әзірлеуге және жобаланған ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттеріне, жобаланған көшелердің қиылыстарында ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерін, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуға арналған шығындардың е н г і з і л у і н б а қ ы л а у ;

Астана қаласы көшелері мен шағын аудандары көрсеткіштерінің, ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерінің нобайын бекітеді;

көшелер мен шағын аудандар көрсеткіштерінің, ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, тапсырысшы әзірлейтін жобалық құжаттама құрамына енгізілген басқа да көрсеткіштердің нобайын б е к і т е д і ;

жылжымайтын мүлікпен мәмілені, қала бөлігіне атау беру және (немесе) өзгерту туралы ақпаратты, жекелеген объектілерге реттік нөмір беру және (немесе) өзгерту туралы бұйрықтар көшірмелерін тіркеуді жүзеге асыратын о р г а н ғ а ұ с ы н у ;

қала бөліктерінің көрсеткіштерін және объектілердің реттік нөмірлерін дайындау және орнату құқығын беру жөнінде конкурс өткізу.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2012.03.26 № 120 -308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

4. Тілдер жөніндегі органның мынадай өкілеттіктері бар:  
шағын аудандардың, даңғылдардың, желекжолдардың, көшелердің және т.б. белгіленген атауларының бейнелену дұрыстығын, олардың нормалармен сәйкестігін, сондай-ақ көрсеткіштерде белгіленген атауларының транскрипциясының бейнелену дұрыстығын бақылайды;

көшелер мен шағын аудандар көрсеткіштерінің, ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, тапсырысшы әзірлейтін жобалық құжаттама құрамына енгізілген басқа да көрсеткіштерінің көрсеткіштерде белгіленген атауларының ақпараттың жазылу сәйкестігін және олардың транскрипциясының дұрыстығын келіседі.

5. Астана қаласы аудандары әкімдері аппараттарының мынадай өкілеттіктері б а р :

ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттеріндегі көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерінің, қиылыстарда орнатылған көше атауларының бұрыштық

көрсеткіштерінің жағдайын бақылайды;

ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерінің, көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерінің жоғалу, зақым келу, механикалық бүліну фактісі анықталған және тиісті тұлғалардың жоғалған немесе бүлінген көрсеткіштерді ауыстыруға шара қабылдамау фактілері кездескен жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды;

көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуды, сондай-ақ осы Ереженің 56-тармағының 1-тармақшасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда олардың жөнделуін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**6. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **3-тарау. Қаланың аудандарына, шағын аудандарына, көшелеріне, даңғылдарына және басқа да құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау), олардың атауларының транскрипцияларын өзгерту тәртібі**

7. Қала бөліктерінің атаулары оларды бөлуге және оларды кеңістікте тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

8. Қаланың бөліктеріне атау беру мынадай кезеңдермен жүргізіледі:

1) сәулет органы тілдер жөніндегі органға қаланың атаулары жоқ, не болмаса атаулары бірдей бөліктерінің тізбесін жібереді. Аталған тізбемен бірге сәулет органы сол жерлерде орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерін (олар бар болған жағдайда) бұзуға байланысты жойылған көшелердің тізбесін ұсынады;

2) тілдер жөніндегі орган қала құрылысы объектісіне атау беру немесе қайта атау мәселесі бойынша өтініштер түскен сәттен бастап 15 күн ішінде қала бөліктеріне атау беру (қайта атау) мәселелерін талқылау үшін ономастикалық комиссия мәжілісін (мәжілістерін) ұйымдастырады;

3) ономастикалық комиссия жөніндегі органға материалдар ұсынған сәттен бастап 30 күн ішінде Астана қаласы әкімдігіне және мәслихатына қала құрылысы элементтері бойынша атау беру (қайта атау) жөнінде ұсыныс жасауға шешім қабылдайды;

4) Астана қаласының әкімдігі ономастикалық комиссияның қаланың жекелеген бөліктеріне атау беру жөніндегі ұсыныстарымен келіседі және мәслихаттың қарауына қала бөліктерінің атауларын бекіту туралы ұсыныстар

енгізеді, не болмаса ұсынылған ұсыныстармен келіседі және тілдер жөніндегі органға материалдарды (толық немесе бөлшектеп) қайтарады;

5) Астана қаласының мәслихаты әкімдіктің қаланың жекелеген бөліктеріне атау беру жөніндегі шешімімен келіседі және қаланың бөліктерінің атауларын бекітеді, не болмаса әкімдіктің шешімімен келіседі және материалдарды (толық немесе бөлшектеп) қала әкімдігіне қайтарады;

б) Астана қаласының әкімдігі мен мәслихатының қаланың жеке бөліктеріне атау беру (қайта атау) туралы бірлескен шешімдері мекен-жай тіркелімін жүргізудің белгіленген тәртібіне сәйкес қаланың құрамдас бөліктерін тіркейтін және мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға міндетті түрде қала құрылысы элементінің кеңістіктік жағдайы мен оның шекарасы нақты айқындалған сызбасын қоса беретін сәулет органына беріледі;

Әкімдіктің және мәслихаттың білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау және басқа да мекемелеріне атау беру туралы бірлескен шешім атау беру туралы өтініммен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік ономастика комиссиясына жіберіледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

9. Қаланың бір бөлігіне бірнеше атау беруге жол берілмейді. Бұрылыстары отыз градустан жоғары болған жағдайларда даңғылдардан (көшелер, қысқа көшелер, өту жолдары) басқа, мұндай жағдайларда қала бөлігінің бұрылыс орындарына оқшауланған атау беруге жол берілмейді.

Қаланың бір санаттағы бірнеше бөліктеріне бір атау беруге жол берілмейді.

10. Қала құрылысы элементі (даңғыл, көше) табиғи бөгеулермен (өзендер, жырақтар т.б.) қиылысқан жағдайда қалыптасқан учаскеге жеке атау беруге жол беріледі.

11. Қала аумақтарын кезең-кезеңімен игерген жағдайда қала құрылысы элементін оқшауланған, атаулары қисынды байланысқан, осы қала құрылысы элементінің уақыт ішінде іс жүзінде қалыптасу және салыну кезеңіне сәйкес келетін жекелеген учаскелерге бөлуге жол беріледі.

#### **4-тарау. Ономастикалық комиссия & 1. Ономастикалық комиссияның құрамы, оның жұмысын ұйымдастыру**

12. Астана қаласының әкімдігі ономастикалық комиссияны тоғыздан он бес адамға дейінгі тақ сандармен құрады. Комиссияның хатшысы комиссия мүшесі

бола алмайды және ол шешім қабылдайтын кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Ономастикалық комиссияның жұмыс органы тілдер жөніндегі органы болып табылады.

13. Ономастикалық комиссияның мәжілісі қажет болған кезде жүргізіледі және жұмыс органымен шақырылады.

14. Ономастикалық комиссияның хатшысы болып жұмыс органының қызметкері тағайындалады. Ономастикалық комиссияның хатшысы ономастикалық комиссияның мүшелерін шақыруды қамтамасыз етеді, ономастикалық комиссия мәжілісінің күн тәртібін қалыптастырады, оның мәселелерін шешеді.

## **&2. Ономастикалық комиссияның өкілеттігі, шешім қабылдаудың тәртібі**

15. Ономастикалық комиссия мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) қала бөліктеріне атау беруге (қайта атау) қатысты заңды және жеке тұлғалардың ұсыныстарын қарау;

2) Астана қаласының әкімдігі мен мәслихатына қаланың бөліктеріне атау беруді (қайта атау) ұсыну;

3) Астана қаласының әкімдігі мен мәслихатына қала бөлігі атауының транскрипциясын нақтылауды ұсыну.

16. Ономастикалық комиссия сондай-ақ карталар, атластар құрау, анықтамалық әдебиеттер шығару барысында туындаған мәселелерді шешуде мүдделі ұйымдарға кеңес беру арқылы көмек береді.

17. Комиссияның шешімі жай дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Комиссияның шешімі дауыс беру кезінде оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқықты болып саналады. Ономастикалық комиссия мүшелерінің дауыс беруден қалыс қалуға құқылары жоқ.

## **2-бөлім. Астана қаласының жер учаскелеріне, ғимараттарына және орын-жайларына жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайларға реттік нөмір беру, көрсеткіштер орнату және пайдалану**

Ескерту. 2-тарауға өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

19. Жер учаскелеріне, ғимараттар мен орын-жайларға жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайларға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану Астана қаласының аумақтарында қалыптастыру үшін шағын аудандардың, көшелердің, ғимараттардың, құрылыстардың және басқа да объектілердің орналасуын (орналасқан жері) анықтаудың бірыңғай жүйесі тағайындалған.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

20. Астана қаласының аумағында орналасқан әрбір жер учаскесі, ғимараттар мен орын-жайлардың жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайлардың өздерінің бірегей мекен-жайы болуы керек.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

21. Осы Ережеге сәйкес реттік нөмір берілген жылжымайтын мүлік объектілері:

- 1) жер учаскелері (игерілген және құрылыс салынған);
- 2) ғимараттар;
- 3) орын-жайлар болып табылады.
- 4) жапсарлас-жанаса салынған үй-жай;
- 5) жанаса салынған үй-жай.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

22. Астана қаласы үйлерінің, ғимараттары мен орын-жайларының қасбеттеріндегі, даңғылдардың, көшелердің, қысқа көшелердің қиылыстарындағы периметрлер бойынша көрсеткіштердің мынадай үлгілері орналасады:

көшелердің атауларының көрсеткіштері (1, 2, 3 санаттар);  
шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері (1, 2 санаттар);  
көшелердің қиылыстарында (қиылысу орны) орналасқан көше атауларының бұрыштама көрсеткіштері;  
ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері (1, 2, 3 санаттар).

Объектілерінде әртүрлі санаттардағы көрсеткіштерін орналасу жөніндегі талаптар Ереженің 7-тарауымен реттеледі.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2012.03.26 № 120 -308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

23. Ғимараттардың, орын-жайлардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері, Астана қаласының аумағында орналасқан көшелердің, шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері міндетті түрде осы Ережемен және белгіленген тәртіпте бекітілген үлгілік нобайлармен белгіленген техникалық талаптарға сәйкес болуы керек.

## **5-тарау. Реттік нөмірлер беру талаптары**

24. Ғимараттардың, корпустардың, құрылымдардың, орын-жайлардың жер учаскелерінің реттік нөмірлері - цифрлардың ретімен жасалатын әріптер (А, Б, В, Г және т.б. есімдік болатын әріптерді, (мысалы "Я" әріпі), алфавиттердің қазақ әріптерін (Ә, І, Ң, Ғ, Ү, Ұ, Қ, Ө, Һ) және айтылуы қиын әріптерді ( дыбысталмайтын), не болмаса цифрларға ұқсас әріптерді қосылуы мүмкін (Ң, Ж, З, Й, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ь) қоспағанда, немесе қосалқы белгісі, қосымша толық цифрлар арқылы белгіленетін объектілер мекен-жайларының деректемелері.

25. Әріптер ғимараттардың, корпустардың, құрылымдардың, орын-жайлардың реттік нөмірлеріне, егер бір жер учаскесіне екі және одан да көп бірдей сәулеттік үйлесімі бар немесе бір сәулеттік-құрылыстық кешеннің бөлігі болып табылатын ғимараттар, корпустар, құрылымдар, орын-жайлар орналасқан (бар болса) болса, әріптер қосылады.

26. Егер ғимарат, корпус, құрылым немесе ғимарат орамның ішінде орналасып, ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың бірде бір қасбеті қалалық магистральға шықпаса, онда ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың реттік нөмірі бөлшек белгісі арқылы қосымша толық сандармен толықтырылады. Бұл жағдайда негізгі реттік нөмір болып ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың нөмірленуіне жақын ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың реттік нөмірі қабылданады.

27. Ғимараттардың, орын-жайлардың және өзге де жасанды құрылымдардың мекен-жайларына мынадай міндетті деректемелерді: көше атауларын, ғимараттардың, корпустардың немесе құрылымдардың, орын-жайлардың реттік нөмірлері кіреді.

28. Жер учаскелеріне мынадай міндетті деректемелерді: көше атауы, жер учаскесінің реттік нөмірі кіретін шартты мекен-жай беріледі.

29. Объект мекен-жайының құрылымы объектінің түрі мен ғимараттың, орын-жайдың, жер учаскесінің орналасқан жерінің географиялық жағдайын анықтайды.

30. Қаладағы аудан атаулары, реттік нөмірі анықталатын объектінің орналасқан жері объектінің мекен-жайына қосылатын болады.

31. Аудандардың атаулары Астана қаласы аудандарының бекітілген атауларына сәйкес көрсетіледі.

32. Шағын аудандар, өндірістік аумақтар, табиғатты қорғау кешендерінің (тарихи және сәулет ескерткіштерінің жиынтығы) атаулары, реттік нөмірі анықталатын объектінің орналасқан жері тиісті шағын ауданның, өндірістік аймақтың, табиғатты қорғау кешенінің белгіленген шекараларындағы объект орналасқан жағдайда объектінің мекен-жайына қосылатын болады.

33. Даңғылдың, көшенің (қысқа көше, алаң) атауына қатысты объектінің нөмірленуі Астана қаласы көшелері атауларының ресми тізіміне және нөмірленетін объектінің және көше-жол тәсімі элементтерінің оңтайлы ұсынуына сәйкес қысқа жолдардың, көшелердің және алаңдардың атауларын нақтылай отырып, даңғылдардың, көшелердің, қысқа жолдардың, алаңдардың ресми мекен-жай тәсіміне сәйкес қабылданады.

34. Астана қаласы көшелерінің ресми тізімі және нөмірленетін объектінің және Астана қаласы даңғылдарының, көшелерінің, қысқа көшелерінің және басқа да құрылымдық элементтерінің ресми мекен-жай тәсімі алаңдардың атаулары электронды түрде құрылады және Астана қаласы аумағындағы қала құрылысы объектілерін және элементтерін атау, қайта атау туралы мұрағат материалдарын пайдалана отырып, Астана қаласы мемлекеттік қала құрылысы кадастрының базасында қалалық ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ҚАЖ) жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын сәулет органы жүргізеді.

**Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

35. Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың реттік нөмірі сәулет органының ҚАЖ мәліметтеріне сәйкес объектінің алдын ала реттік нөмірін алдын ала келісу бойынша жобалауға, не болмаса құрылыс салуға жер учаскесін бөлу туралы рұқсат беру құжаттамасын әзірлеу сатысында белгіленеді.

Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылымның, орын-жайдың алдын ала реттік нөмірін сәулет органы жекелеген объектілерді бұзу нәтижесінде қаланың бір бөлігі объектілерінің нөмірленуі оннан артық бірлікке бөлінген (жоғалған) жағдайда өзгеріледі.

**Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2012.03.26 № 120 -308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

36. Оңтүстіктен солтүстікке қарай құрылыстың үздіксіз үрдісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға реттік нөмір беру және нөмірлеу

көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен және оң жағы бойынша жұп сандармен оңтүстіктен солтүстікке қарай жүргізіледі.

37. Батыстан шығысқа қарай құрылыстың үздіксіз үрдісін құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттарға реттік нөмір беру және нөмірлеу көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен және оң жағы бойынша жұп сандармен батыстан шығысқа қарай жүргізіледі.

38. Әртүрлі санаттағы көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға магистральды көшелердің сыныптамасына сәйкес жоғары санаттағы көше бойынша реттік нөмір беріледі.

39. Санаттары тең көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға ғимараттың бас қасбеті шығатын көше бойынша реттік нөмір беріледі. Егер бұрышқа бір ғимараттың екі қасбеті шығатын болса қала орталығына бағытталған көше бойынша реттік нөмір беріледі.

40. Алаң периметрін құрайтын ғимараттарға реттік нөмір беру орталық жақтан бас магистральдан бастап сағат тілі бойынша жүргізіледі. Егер бұрыштағы ғимарат бас қасбетке ие болса және жанасқан көше бойымен ұзындығы едәуір болған жағдайда оны нөмірлеу алаң бойынша емес, көше бойынша жүзеге асырылады.

41. Қала аумақтарына жаңа құрылыс салуды қалыптастырған жағдайда, осы Ереженің 36, 37-тармақтарын орындау мүмкін болмаған кезде, осы аумақтарда ғимараттарға (үйлерге) керісінше тәртіпте реттік нөмірлер беруге және нөмірлеуге, яғни, солтүстіктен оңтүстікке не болмаса шығыстан батысқа қарай, көшенің оң жағы бойынша тақ нөмірлермен және сол жағы бойынша жұп нөмірлермен жүргізуге жол беріледі.

42. Жер учаскесінің аумағында негізгі көшелер анықталады, оған сәйкес осы аумақта орналасқан ғимараттар, орын-жайлар нөмірленеді. Негізгі ғимараттың реттік нөмірі көшелердің белгіленген топталымын ескеріп, жүзеге асырылады.

43. Жер учаскесінің аумағында орналасқан өзге де ғимараттарға, орын-жайларға, негізгі ғимараттың нөмірі және Ережеге сәйкес корпустың немесе құрылымның қосымша нөмірі беріледі. "Корпус" немесе "құрылым" көрсеткіштері қажет болған жағдайда ғимараттың орналасқан жер учаскесі аумағының функционалдық пайдаланылуын ескеріп, ғимараттардың функционалдық мақсатына және жақын орналасқан ғимараттарды нөмірлеуге байланысты анықталады.

44. Ғимараттарды нөмірлеу бас ғимараттың орналасуын ескеріп, жер учаскесінің аумағына бас кіреберісінен басталады.

45. Жеке және заңды тұлғаға меншік, жалдау немесе өзге де заттай құқығында тиесілі жер учаскесінде қосымша бір немесе бірнеше жылжымайтын



мүлік объектілерін салған жағдайда әр объектіге корпустың немесе құрылымның қосымша нөмірін қоса сол реттік нөмір беріледі.

46. Тізбектегі нөмірмен нөмірленген екі ғимараттың, құрылымдардың арасында орналасқан ғимараттарды нөмірлеуді тиісті объектінің төменгі нөмірін әріп немесе бөлшек қосып жүргізу керек.

47. Дербес объектілердің (ғимараттар, орын-жайлар) белгілері бар жапсаржай және қосып салынған объектілерге толық санға қосымша бөлшек арқылы негізгі ғимараттың нөміріне қосымша дербес реттік нөмір беріледі.

48. Қоршауларды, көпірлерді, қазылған шұңқырларды, құдықтарды, жертөлелерге, ауладағы тас жабындарды, жаяужолдарды және осыларға ұқсас объектілерді қоспағанда, нөмірленбеген орын-жайларға реттік нөмір негізгі ғимаратқа немесе ол өзі орналасқан жер учаскесіне шартты түрде байланыстырылып "орын-жай" деген көрсеткіш қосылып және орын-жайдың нөмірі көрсетіліп беріледі.

Өтініш беруші мекен-жай беру туралы жазбаша өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілеуші құжаттар, немесе жер учаскесіне құқық беру туралы қаулы, пайдалануға қабылдау акті, жекешелендіру туралы шарт немесе жылжымайтын мүлікті заңдастыру туралы шешімнің көшірмесі;

2) объектінің техникалық паспортының көшірмесі;

3) жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және статистикалық картаның көшірмесі, өкілге берілген сенімхат;

4) жеке тұрғын үй құрылысының объектілері үшін М 1:500 масштабындағы топографиялық түсірім.

**Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

49. Игерілген, бірақ нөмірленбеген жер учаскелеріне аталған жер учаскесінің шегінде салынған ғимаратқа, орын-жайға нөмір беріледі.

50. Бір жер учаскесінің аумағы шегінде бірнеше ғимараттар, орын-жайлар, басқа да объектілер орналасқан жағдайда жер учаскесіне негізгі ғимараттың, орын-жайдың нөмірі беріледі.

Игерілмеген жер учаскесіне осы Ережеге сәйкес қарапайым реттік нөмірі беріледі, бұл жағдайда мына талаптарды сақтау қажет: әрбір жер учаскесінің өзінің бірегей реттік нөмірі болуы қажет және жер учаскелеріне реттік нөмір жер учаскелерінің осы немесе басқа қала құрылысы бірлігіне (көше, даңғыл, алаңдар және т.б.) қатысты (жапсаржай) негізінде беріледі.

51. Нөмірленген игерілмеген жер учаскесінің аумағындағы жаңа ғимаратты, орын-жайды салғанда тұрғызылатын объектіге нөмірлеудің жалпы тәртібі сақталып, осы жер учаскесінің алдын ала реттік нөмірі беріледі.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

52. Қайта тұрғызылған ғимараттың (орын-жайдың) реттік нөмірі және қолданыстағы объектілердің реттік нөміріне өзгерістер енгізу ТЖЖ және ҚАЖ деректері негізінде сәулет органымен жүзеге асырылады.

Өтініш беруші мекен-жай беру туралы жазбаша өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілеуші құжаттар, немесе құрылыс (қайта құру) мақсатында жер учаскесіне құқық беру туралы қаулы, пайдалануға қабылдау актісінің немесе жылжымайтын мүлікті заңдастыру туралы шешімнің көшірмесі;

2) объектінің техникалық паспортының көшірмесі;

3) жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және статистикалық картаның көшірмесі, өкілге берілген сенімхат;

4) жеке тұрғын үй құрылысы объектілерін есептемегенде, пайдалануға тапсырылатын объектілер үшін М 1:500 масштабындағы "Абаттандыру" бөлімі бойынша орындаушылық түсірім;

5) жеке тұрғын үй құрылысының объектілері үшін М 1:500 масштабындағы топографиялық түсірім.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

52-1. Сәулет органы өтініш иесінің жылжымайтын мүлік объектісіне бастапқы реттік нөмір немесе мекен-жай беру туралы жазбаша өтінішін осы Ереженің 21-тармағына сәйкес он бес күнтізбелік күн ішінде қарайды.

**Ескерту. 5-тарау 52-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

53. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерінің алынуына байланысты жүргізілетін қарқынды бұзу аумақтарында жобаланып жатқан ғимараттар мен орын-жайлар үшін реттік нөмірлерді резервілеуге жол беріледі.

**6-тарау. Мекен-жай құрылымының стандарты**

54. Объектінің мекен-жай құрылымы мына талаптарға сай келуі тиіс: мекен-жай деректемелері жазудың қатаң белгіленген тізбектелуі бойынша көрсетіледі;

"мекен-жай" терминінен соң ":" (қос нүкте) бөлушіден кейін көрсетілген деректемелерден құралған мәтін бөлігі объектінің мекен-жайы болып табылады; объект мекен-жайы мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазылады; объектінің мекен-жайын жазған кезде қала құрылысы бөлшегінің санатын қысқартып жазуға болады:

аудан	-	( ауд. );
шағын аудан	-	( ш. ауд. );
алаң	-	( ал. );
тас жол	-	( тас.ж. );
трасса	-	( тр. );
даңғыл	-	( даңғ. );
көше	-	( к - с і );
желекжол	-	( жел.ж. );
саяжол	-	( сая.ж. );
өту жолы	-	( өту.ж. );
қысқа көше	-	( қыс.к. )
тұйық көше	-	( тұй.к. );

жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жай - (жү);

объектінің мекен-жайы жазылғанда қала және әкімшілік ауданның атауы көрсетілген мекен-жайды толық мазмұндауға жол беріледі, сондай-ақ қысқартылған түрде: қала (қ), аудан (ауд.) жазуға жол беріледі;

мекен-жайды жазу кезінде қала құрылысы бөлшегінің (шағын ауданы, алаңы, көшесі және тағы басқалар) бекітілген атауы толық көрсетілуі тиіс.

М ы с а л ы :

мекен-жайы: Астана қ., Алматы ауд., А. Пушкин к-сі, 110, 51-пәт.;

мекен-жайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, А. Пушкин көшесі, 110, 51-пәт е р ;

мекен-жайы: Шұбар ш. ауд., Изумрудная к-сі, 12;

мекен-жайы: Бейбітшілік к-сі, 31;

мекен-жайы: "Молодежный" ш. ауд., 36 а.

**Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

55. Қаланың бірнеше бөліктеріне қатысты бір объектіге бірнеше мекен-жайлар беруге жол берілмейді.

**7-тарау. Ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмір көрсеткіштерін, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, көше атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуға қойылатын талаптар & 1 . Жалпы талаптар**

56. Ғимараттар, орын-жайлардың реттік нөмірлерінің көрсеткіштері, үй қасбеттеріндегі көшелер мен шағын аудандардың атаулары мына тәртіппен орнатылады:

1) жаңадан тұрғызылған ғимараттарды пайдалануға тапсыру кезінде: тапсырысшы ҚАЖ негізінде ғимаратқа (орын-жайға) реттік нөмір беретін сәулет органына өтініш білдіреді және мекен-жай беруге жататын объект географиялық бекітілген (ғимарат, орын-жай) даңғылдың, желек-жолдың, көшенің дұрыс атауын анықтайды;

сәулет органынан алынған мәліметтер негізінде тапсырысшы өз қаражаты есебінен алдын ала келісім бойынша сәулет органымен нобайдың жобалау құжаттамасының құрамына шағын ауданның және (немесе) көше көрсеткішін, ғимараттың (орын-жайдың) реттік нөмірінің көрсеткіші ғимараттың реттік нөмірінің көрсеткішін, осы Ереже талаптарына сәйкес көше, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін дайындайды және орнатады;

2) ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірлерінің, көшелер мен шағын аудандардың атаулары өзгерген жағдайда ғимараттардың, орын-жайлардың реттік нөмірлерінің тиісті көрсеткіштерін, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін және өзге де көрсеткіштерін айырбастауды және орнатуды ҚАЖ мәліметтері негізінде Астана қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**57. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

58. Ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірлерінің, салынып жатқан ғимараттар мен орын-жайлардың қасбетіндегі көшелер мен шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің орнатылуына және дұрыс салынуына тапсырысшылар жауапкершілік алады.

**59. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

60. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

61. Көрсеткіштер жол белгілері, бұқаралық сыртқы жарнама құралдары бар бір тіреуішке орнатылмауы тиіс. Көрсеткіштерді бағдаршам тіреуішіне орнатуға жол беріледі.

62. Көрсеткіштер тәулік уақытынан тәуелсіз ажыратылуы тиіс.

## **&2. Көше атауларының көрсеткіштері**

63. Көше атауларының көрсеткіштері көше қиылыстарында (қиылыстарда) орналасқан ғимараттар мен орын-жайларда орналастырылады.

64. Көше атауларының көрсеткіштері жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте, қиылысқа шығатын ғимарат немесе орын-жай бұрышынан 25-30 см қашықтықта қиылыс жасайтын көшеге шығатын ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орналастырылады. Егер екі қиылыстың арасындағы ара қашықтық бес жүз метрді құраса, айрықша болып табылады - көше атауларының екі көрсеткішінің арасындағы ара қашықтық аталған мөлшерден аспауы қажет.

65. 1 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері магистральды қозғалысы жылдам және реттелетін жолдарға, 1 санаттағы көше атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

66. 2 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері 2 санаттағы көше атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті аудандық маңызы бар магистральды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

67. 3 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері 3 санаттағы көше атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне жататын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

## **&3. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері**

68. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері шағын ауданға жататын және шағын аудандарды шектеп тұратын көше қиылыстарында (қиылыстарда) орналасқан ғимараттар мен орын-жайларға немесе шағын ауданды көшелермен және шағын ауданға шығаберістермен шектеу нәтижесінде пайда болған шартты қиылыстарға орнатылады.

69. Егер екі қиылыстың арасындағы ара қашықтық бес жүз метрді құраса, айрықша болып табылады - көше атауларының екі көрсеткішінің арасындағы ара қашықтық аталған мөлшерден аспауы қажет.

70. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте, қиылысқа шығатын ғимарат немесе орын-жай бұрышынан 25-30 см қашықтықта қиылыс жасайтын көшеге шығатын ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орналастырылады.

71. 1 санаттағы шағын аудандар атауларының көрсеткіштері магистральды қозғалысы жылдам және реттелетін жолдарға, 1 санаттағы шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

72. 2 санаттағы шағын аудандар атауларының көрсеткіштері 2 санаттағы шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті аудандық маңызы бар магистральды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

73. Ғимараттар мен орын-жайлар қасбеттерінде шағын аудандардың атауларының көрсеткіштері орнатылған болса, көше атауларының көрсеткіші белгіленбейді.

#### **&4. Объектілердің реттік нөмірінің көрсеткіштері**

74. Ғимараттың, орын-жайдың реттік нөмір көрсеткіші әрбір ғимараттың және орын-жайдың қасбетіне көшенің сол жағы бойынша тақ сандармен, ал көшенің оң жағы бойынша жұп сандармен, жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте, үй бұрышынан 25-30 см қашықтықта орналастырылады.

75. Егер ғимарат, орын-жайдың қасбетінде көше немесе шағын аудан атауының көрсеткіші, ғимарат, орын-жайдың реттік нөмірінің көрсеткіші көше немесе шағын аудан атауының көрсеткішінен кейін көлденең ось бойынша орнатылады.

76. 1 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірінің көрсеткіштері магистральды қозғалысы жылдам және реттелетін жолдарға, 1 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірінің көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

77. 2 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірінің көрсеткіштері 2 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті аудандық маңызы бар магистральды

көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

78. 3 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірінің көрсеткіштері 3 санаттағы ғимараттар немесе орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің үлгілік нобайына тиісті жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне жататын барлық ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде орнатылады.

Шағын аудандар мен орамдар ішінде 3 санаттағы ғимараттар мен орын-жайлар реттік нөмірлерінің көрсеткіштері 3 санаттағы ғимараттар, орын-жайлар реттік нөмірі көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте, үй бұрышынан 25-30 см қашықтықта, орамшілік жолға шығатын ғимараттар мен орын-жайлар қасбеттерінің сол жағына орналастырылады.

## **&5. Көше атауларының бұрыштық көрсеткіштері**

79. Көше қиылыстарында (қиылыстарда) орналасқан көшелер (аншлагтар) атауларының бұрыштық көрсеткіштері көше қиылыстарында (қиылыстарда) орналастырылады және биіктігі 4 метрден аспайтын металл тіректерде орналастырылады.

## **8-тарау. Инвесторлар есебіне қала бөліктерінің атауларының көрсеткіштерін және реттік нөмірлерін әзірлеу және орнату**

Ескерту. 8-тарау алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2012.03.26 № 120-308 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## **9-тарау. Қосымша талаптар**

91. Жер учаскелеріне, ғимараттарға және орын-жайларға жапсарлас-жанаса және жанаса салынған үй-жайларға реттік нөмір беру жөніндегі мәліметтер ҚАЖ ақпараттық мәліметтер базасында міндетті тіркелуге жатады.

Ескерту. 91-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

92. Реттік нөмірлер уақытша тұрғыдағы объектілерге, жеке тұлғаның меншігіндегі және (немесе) гараж кооперативтерінің, қоғамдардың, қаланың инженерлік инфрақұрылым объектілерінің, бақ және саяжай учаскелерінің құрамына енетін шаруашылық жапсаржайларға, гараждарға берілмейді.

93. Уақытша тұрғыдағы объектілердің жеке реттік нөмірі жоқ, бірақ анықтамамен жақын орналасқан объектінің тұрақты реттік нөмірімен олардың орналасқан жері нақтылануы мүмкін.

94. Гараж кооперативтерінің, қоғамдардың, бақ және саяжай учаскелерінің құрамына енетін, тиісті бақ қоғамын құрайтын гараждардың орналасқан жерін анықтау осы кооперативтерді басқару органының шешімімен белгіленеді, бұл әрбір объектіге жеке реттік нөмір беріледі. Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда жеке нөмірлерді беруді сәулет органдары жүзеге асырады.

95. Әзірлейтін және шығаратын ұйымдардың құжаттарда объектілердің реттік нөмірлері туралы мәліметтерді толтырғанда жер учаскелерінің, ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірін өз еркімен жазуына тыйым салынады.

96. Ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде осы Ереженің талаптары бұзылып, орнатылған көрсеткіштер ғимарат иесімен (баланс ұстаушымен) немесе оған қызмет көрсететін тұлғамен, ол болмаған жағдайда - Астана қаласы аудандары әкімдерінің аппараттарымен бөлшектеуге жатады.

**Ескерту. 96-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

97. Ғимараттар мен орын-жайлар иелері (баланс ұстаушылары) ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштерінің, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштері түзетілген жағдайда ұстауға міндетті.

98. Көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштері, ғимараттар мен орын-жайлардың реттік нөмірі көрсеткіштері қатардан шыққан, жоғалған, зақым келген, ескірген жағдайда меншік иелері (баланс ұстаушылар) ауыстыруы қажет.

99. Ғимараттар мен орын-жайлар иелері (баланс ұстаушылары) көрсеткіштер орнатылған объектіге, көрсеткіштерді орнатуды, ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлеріне үздіксіз қол жеткізуін қамтамасыз етуі қажет.

### **3-бөлім. Қала құрылысы элементтерінің атаулары немесе объектілердің реттік нөмірлері өзгергеннен кейін құқығын қуәландыратын және өзге де құжаттарға өзгерістер енгізу тәртібі**

100. Астана қала мәслихаты мен әкімдігінің белгіленген тәртіпте белгіленген қала құрылысы элементтерін (көшелер, шағын аудандар және т.б.) қайта атау туралы бірлескен шешімі, сондай-ақ объектілердің реттік нөмірлерін өзгерту туралы сәулет органының шешімі жеке және заңды тұлғалардың оған тиесілі



меншікке (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) құқығын куәландыратын құжаттарға, белгіленген тәртіпте өзге де құжаттарға өзгерістер енгізуге ынтагерлік білдіруіне негіз болып табылады.

101. Құжаттарға аталған өзгерістерді енгізу тіркеу органында мүлікке қатысты қандай да мәмілелерді тіркеген сәтте жеке және заңды тұлғаның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Өтініш беруші осы Ереженің 100-тармағына сәйкес жазбаша өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

- 1) жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілеуші құжаттар;
- 2) объектінің техникалық паспортының көшірмесі;
- 3) жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және статистикалық картаның көшірмесі, өкілге берілген сенімхат;

**Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

#### **4-бөлім. Қорытынды ережелер**

102. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық керек-жарағына қарамастан Астана қаласының барлық аумағында жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

**Ескерту. 102-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2008.08.20 N 20-989қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

103. Осы Ережеде қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.